

## Көшені қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Тарғын ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 4864 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 1 қарашадағы отырысының қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірі ескеріле отырып, Тарғын ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ұлан ауданының Тарғын ауылындағы "Жағалау" көшесі "Қалым Егізбаев" атындағы көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Н. Ақтанов*